

Қазақстан Республикасының өкілдерін Халықаралық Аралды құтқару қорының басқармасына, Атқарушы комитетіне және Тексеру комиссиясына жіберу туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 23 маусымдағы N 967 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 1 тамыздағы № 760 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 01.08.2013 № 760 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасынан мыналар өкілетті өкілдер болып жіберілсін:
Халықаралық Аралды құтқару қорының басқармасына - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары **Өмірзақ Естайұлы Шөкеев** ;

Халықаралық Аралды құтқару қорының Атқарушы комитетіне:
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау басқармасының бас сарапшысы **Мұрат Қабыкеноұлы Бекниязов**;

Қ.И.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің " Гидрогеология және инженерлік геология" кафедрасының оқытушысы **Нарбаев Марат Тұрсынбекұлы** ;

Халықаралық Аралды құтқару қорының Тексеру комиссиясына - Алматы қаласы бойынша Қаржылық бақылау инспекциясының бастығы **Серік Есіркепұлы Мамаев** .

2. Қазақстан Республикасының өкілетті өкілі **Әбдіманап Құтжанұлы Құтжанов** Халықаралық Аралды құтқару қорының Атқарушы комитетінен кері қайтарылсын .

3. **Өмірзақ Естайұлы Шөкеев**ке Халықаралық Аралды құтқару қорының қызметіне қатысты мәселелер бойынша келіссөздер жүргізуге және құжаттарға қол қоюға өкілеттік берілсін .

4. "Қазақстан Республикасының өкілдерін Халықаралық Аралды құтқару қорының басқармасына және Халықаралық Аралды құтқару қорының Атқарушы комитетіне жіберу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 сәуірдегі N 416 қаулысының күші жойылды деп танылсын .

5. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі **К. Мәсімов**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК